

Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 923 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 116 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.03.2017 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 646 бұйрығын қараңыз.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 12 қыркүйектегі
N 923 қаулысымен
бекітілген

Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемелер ұшырайтын оқиғаларды болдырмау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін регламенттейді.

3. Лоцмандар арасында орындалатын жұмысты шектеуді теңіз портының капитаны лоцмандардың дайындық деңгейіне, алып өтетін кемелердің үлгісі мен мөлшеріне және лоцмандық алып өту ауданының нақты жағдайын көрсететін басқа да факторларға байланысты белгілейді.

4. Кемелерді лоцмандық алып өтуді белгілі бір аудандарда кемелерді лоцмандық алып өту құқығы туралы лоцмандық куәлігі бар теңіз лоцмандары жүзеге асырады. Лоцмандық куәлікті осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңіз портының капитандары береді. Куәлікте лоцманға рұқсат етілген алып өту ауданы көрсетіледі.

5. Теңіз лоцмандары теңіз сауда порттарының лоцмандық қызметтерінің құрамына кіреді.

6. Лоцмандық қызметтер теңіз порттарының қаражаты есебінен ұсталады. Лоцмандық қызметтің жұмысын ұйымдастыру осы порттың (ауданның) нақты жағдайларына байланысты белгіленеді.

7. Лоцмандарды даярлау үшін лоцмандық қызметте стажердің қажетті саны болуы мүмкін.

8. Теңіз порттары бойынша міндетті актілерде, лоцияларда және теңізшілерге хабарламаларда кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті және міндетті емес аудандары жарияланады.

9. Міндетті лоцмандық алып өтудің аудандарында кемелердің мынадай санаттары лоцмандық алып өтуден босатылады: әскери кемелер, әскери-қосалқы кемелер, шекаралық корабльдер, кеден кемелері, тиісті ауданда жұмысты тұрақты жүзеге асыратын порт және қосалқы флот кемелері, сондай-ақ өзге де шағын кемелер. Міндетті лоцмандық алып өтуден босату туралы шешімді теңіз порттарының капитаны қабылдайды және теңіз порттары бойынша міндетті актілерде жарияланады.

10. Кемелерді алып өту уақытын (тәулік бойы, тәуліктің жарық уақытында, суға толтырып және т.с.с.) теңіз порттарының капитандары белгілейді және теңіз порттары бойынша міндетті актілерде хабарланады.

11. Лоцмандық қызметтер және теңіз лоцмандары кемені тиесілі лоцмандық алып өтпегені үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапты болады.

12. Кемені тиесілі емес лоцмандық алып өтуге кінәлі лоцман біліксіз деп танылуы мүмкін.

Лоцманды біліксіз деп тану - теңіз лоцманын белгілі бір аудандарда кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру құқығынан айыру.

Лоцмандық куәлікті алып қою адам өміріне тікелей қатер тудырған, теңіз лоцманының ол лауазымдық міндеттерін орындаған кездегі әрекеті (әрекетсіздігі) нәтижесінде кемеге немесе теңіз ортасына залал келтірілген жағдайларда порт

капитанының төрағалық етуімен біліктілік комиссиясының шешімі бойынша жүргізіледі.

Жаңа лоцмандық куәлікті беру тек қайта даярлаудан өткеннен кейін жүзеге асырылады.

2. Теңіз лоцмандарының қызмет саласы

13. Теңіз лоцмандары осы Ережеге сәйкес кемелерді авариясыз алып өтуді және теңіз порты бойынша міндетті акті мен теңіз әкімшілігінің қызметі кезекшісінің нұсқауларына сәйкес кемелерді зәкірге немесе бөшкеге қоюды және одан алуды, кемелерді байлап қоюды, байлаудан босатуды, портта кемелерді ауыстырып қоюды қамтамасыз етеді.

14. Лоцмандар порт айдынының жай-күйін бақылайды және теңіз порты капитанының тапсырмасы бойынша порт айдынында және порт сулары шегінде тереңдігін өлшеуді жүргізеді.

15. Егер теңіз порттары жөніндегі міндетті актілер шарттары бойынша басқа шектелген уақыт белгіленбесе, сондай-ақ апатты жағдайлар (судың тартылуы, тұман, мұз жағдайлары және т.с.с.) бойынша оларды қауіпсіз алып өту қамтамасыз етілмеген жағдайлардан басқа кезде лоцмандар кемелерді тәуліктің кез келген уақытында алып өтеді.

16. Кемелерді алып өту кезінде лоцмандар навигациялық қоршаулардың жай-күйін және дұрыстығын бақылайды және теңіз әкімшілігіне барлық ақаулар мен кемшіліктер туралы дереу хабарлайды. Олар сонымен қатар алып өтетін кемелерде немесе жолда кездесетін басқа да кемелерде болатын барлық авариялық жағдайлар туралы хабарлайды.

17. Лоцмандар алып өтетін кемелердің теңіздің мұнай өнімдерімен ластануының алдын алу жөніндегі ережесін, сондай-ақ санитарлық ережені (борт сыртына қоқыс тастау және т.с.с.) сақтауын бақылайды.

18. Лоцмандар мемлекеттік шекараны, порт құрылыстарын, фарватерлерді және т.с.с қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын орындайды, сондай-ақ фарватерлердің тереңдігін өлшеудің жүргізілмеуін бақылайды.

19. Лоцмандар алып өтетін кемелердің капитандарына кеме қатынасы ережесін, порттар жөніндегі теңіз әкімшілігінің кесімдерін және басқа да қолданылып жүрген ережелерді сақтаудағы анықталған бұзушылықтар туралы хабарлайды және анықталған бұзушылықтарды жоюды талап етеді, ал лоцманның көрсетілген және өзге де заңды талаптарын капитан орындамаған жағдайда бұл туралы теңіз әкімшілігіне дереу хабарлайды.

20. Лоцмандық алып өту ауданында кемемен болған авариялық жағдайда немесе адамдармен болған жазатайым оқиғада лоцмандар көмек көрсету жөніндегі барлық мүмкін шараларды қабылдайды.

21. Егер кеме капитаны лоцманға өтінімді теңіз порты жөніндегі міндетті актіде немесе лоциде белгіленген мерзімде берсе, лоцман кемеге өтінімде көрсетілген уақытта келеді. Лоцманның көрсетілген мерзімде келуі мүмкін болмаған жағдайда, порттың лоцмандық қызметі кеме капитанына лоцманның келу уақыты мен орны туралы хабарлайды. Лоцманмен бірге кемеге лоцман стажері жіберілуі мүмкін.

22. Егер портқа келетін кеме лоцман қабылдайтын жерге өтінімде капитан көрсеткен уақытта келмеген жағдайда, осы кемеге жіберілген лоцман басқа мақсат бойынша пайдаланылуы мүмкін. Кешіккен кеме мұндай жағдайларда лоцмандық алып өтумен кезек ретімен қамтамасыз етіледі.

23. Капитан лоцманды және стажерді кеме бортына тез және қауіпсіз қабылдауды қамтамасыз етеді және бұл ретте лоцмандық боттың (кеменің) зақымдалуына жол бермейді. Лоцманды қабылдау және түсіру кезінде кеме капитаны лоцман ботымен байланыс ұстауға және онымен өз әрекетін келісуге тиіс. Лоцманның келу сәтінен бастап және оның кетуіне дейін кемеді халықаралық сигналдар жинағына сәйкес келетін - "Менің бортымда лоцман бар" деген жалау белгі көтерілуі тиіс.

24. Қолайсыз ауа райы жағдайында, теңізден келе жатқан кемеге лоцманды лоцмандық боттан түсіру мүмкін болмағанда капитанымен келісім бойынша лоцман алып өтуді лоцманды кеме бортына қабылдауға мүмкін жерге дейін лидер болу әдісімен жүзеге асыруы мүмкін. Лидер болу әдісі кеме капитанымен келісім бойынша порттан кемені шығару кезінде де қолданылуы мүмкін. Кеме мен лоцман боты арасында сенімді байланыс қамтамасыз етілуі тиіс.

25. Кемеге келген лоцман лоцмандық куәлігін көрсетеді және капитанға осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысанда лоцмандық түбіртеккі тапсырады. Кеме капитаны түбіртекке енгізілген барлық деректі өз қолымен куәландырып толтырады. Қажет болған кезде кеме капитаны түбіртекте лоцманның кемені алып өтуіне тиесілі жағдайларға қатысты қосымша өз ескертулерін көрсетуі мүмкін.

26. Портқа бірінші рет келетін кеме капитанына лоцман теңіз порты бойынша міндетті актілерді ұсынады.

27. Кеме бортында лоцман мен стажер болған кезеңде кеме капитаны оларға командалық құрам тұлғаларымен тең бөлек үй-жай мен тағамды ақысыз береді.

28. Кеме капитаны лоцманның талап етуі бойынша оның қызметтік жұмысы мәселелері жөнінде байланысуы үшін кеме радиостанциясын оған тегін пайдалануға береді.

29. Лоцмандық алып өту қауіпсіздігінде көрініс табатын жағдайлар туындаған кезде (көрінудің нашарлауы, тұман, фарватерде тереңдіктің азаюы және т.с.с.) кеме капитаны лоцманның талабы бойынша лоцман көрсеткен тәртіппен кеме электр радионавигациялық жабдықтары құралдарын (эхолот, радиолокатор, радиопеленгатор және басқалары) пайдаланады. Алып өту ауданында жағалаулық радиолокациялық станция болған кезде лоцман бұл жағдайларда оның қызметін пайдалануы мүмкін.

30. Қауіпсіз жүзу мақсатында кеме капитаны лоцманның орынды ұсынымдарын ескереді. Рөлдеушіге барлық бұйрықтарды капитан өзі береді. Егер де маневрді орындауды жеделдету мақсатында капитан лоцманның өзіне бұйрық беруге рұқсат етсе, онда бұл жағдайда олар капитан бұйрығы бойынша орындалған болып саналады, ол үшін капитан жауапты болады. Капитан мінбеден кеткен жағдайда лоцманға оның болмайтын кезінде кемені басқаруға жауапты тұлғаны көрсетеді.

31. Егер капитан кемеге лоцманды қабылдап, оның ұсынымдарын ескермесе, соңғысының үшінші тұлғаның қатысуымен кемені алып өтуді жалғастырудан бас тартуы мүмкін, бұл туралы кеме журналына және лоцмандық түбіртекке жазылу тиіс. Бұдан басқа, лоцман болған оқиға туралы лоцмандық қызметке дереу хабарлайды. Алайда, алып өтуден бас тартқаннан кейін де лоцман мінбеде қалады және егер капитанға қауіпсіз жүзу үшін мәліметтер қажет болса, ол олар туралы хабарлайды.

32. Лоцман ұсынымының дұрыстығына күмән келтірген жағдайда кеме капитаны оның қызметінен бас тартуы мүмкін. Бұл ретте мүмкін болатын лоцмандық алып өтудің міндетті ауданында кеме басқа лоцманның келуін күтуге тоқтатылуы тиіс.

33. Лоцман капитанның келісімінсіз кеме қауіпсіз жерде зәкірге отырғызылғанға, байлаудан босатылғанға, теңізге шығарылғанға немесе лоцман басқа лоцманмен ауыстырылғанға дейін кемені тастай алмайды. Лоцман теңізде кемені тастауға белгіленген жер ауа райы жағдайы бойынша немесе басқа себептермен өзгертілуі мүмкін, бұл туралы капитан дер кезінде хабардар етілуі тиіс.

34. Теңіз лоцмандарының қызметін пайдаланатын кемелерден, соның ішінде лидер болу әдісі кезінде лоцман қызметі үшін белгіленген тәртіппен төлем алынады. Бұл бір лоцманның бірінен соң бірі келе жатқан бірнеше кемелерді алып өту жағдайына да жатады. Кемелерден лоцманның қызметіне төлемді өндіріп алу үшін кеме капитаны қол қойған лоцмандық түбіртек немесе радиотелеграфтық растау негіз болады.

35. Лоцманды шақыртқан және соңғысы келгеннен соң оның қызметінен бас тартқан капитан лоцман шақырылған алып өту үшін тиісті лоцманның қызметіне толық ақы төлеу үшін лоцмандық түбіртеккі толтырады және оған қол қояды.

36. Кемеге тиеу немесе одан түсіру қажеттігі, кеме тетіктерінің ақауы, су толуын күту, кеменің карантинде болуы және басқа да жағдайлар салдарынан, егер олар дүлей күштер әсерінен туындамаса, лоцман кемеде екі сағаттан аса кідірген жағдайда кеме капитаны белгіленген мөлшерде сыйақы төлейді.

37. Егер лоцман алып өтетін кемемен олар қызмет көрсететін ауданнан тыс әкетілген жағдайда, капитан лоцманға тұрақты жұмыс орнына кері қарай жол жүру құнын (сол немесе өзге көлік түріне арналған билет құнын, қайтып келу уақытына тәуліктік ақыны және қажет болған кезде қонақ үйде тұру құнын) өтейді.

38. Кеме капитаны міндетті емес лоцмандық алып өтудің ауданында, егер мұны қажет деп тапса, шығыстарды кеме иеленуші есебіне жатқыза отырып, лоцманды кемеге алуы мүмкін.

Кемелерді лоцмандық алып өтуді
жүзеге асыру ережесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
елтаңбасы
Лоцмандық куәлік
Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі
N..... куәлік
Осы Қазақстан
Республикасының азаматына

барлық жалаулар кемелерін

алып өту үшін қызметте

істейтіні жөнінде берілген

Кемелерді лоцмандық алып өтуді
жүзеге асыру ережесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі
N _____ лоцмандық түбіртек

1. Лоцманның тегі _____
2. Кеменің атауы _____
3. Кеме жалауы _____
4. Кеме шөгуі _____ ұшы _____ артқы жағы _____
5. Кеме мөлшері _____ ұзындығы _____ ені _____
6. Тізімдік тоннаж _____ нетто _____ брутто _____
7. Кіретін соңғы порты _____
8. Баратын порты _____
9. Кеме иесі _____
10. Капитанның тегі _____
11. Лоцманның кемеге келу уақыты ... күні ... уақыты ...
12. Лоцманның кемеден кету уақыты ... күні ... уақыты
13. Қайдан және қай жерге дейін кеме алып өтілген _____

—
—
—

Күні _____ капитанның қолы _____